



«БЕГІТЕМІН»

КР ЕЖЕМ «ҰЛТЫҚ тестілеу

орталығы» РМКК директоры

Р. Емелбаев

2023 ж.

«Педагогика» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттесттатау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- Міндепті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- Мазмұны:** «04-Гуманитарлық-педагогикалық колледждердің педагогика пән мұғалімдері» мамандығы «Педагогика» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

| № | Тақырып | № | Тақырыпша |
|----|---|----|--|
| 01 | Педагогиканың жалпы негіздері, зерттеу әдістері | 01 | Педагогика пәні, оның негізгі ұғымдары Педагогиканың шығуы және дамуы Педагогикағының салалары және оның басқа ғылымдармен байланысы |
| | | 02 | Ғылыми педагогиканың зерттеу әдістері |
| 02 | Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі | 03 | Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі |
| 03 | Жеке тұлғаның тәрбиесі, қалыптасуы | 04 | Баланың дамуына әсер ететін әлеуметтік, биологиялық, психологиялық факторлар |
| 04 | Қазіргі қоғамдағы тәрбиенің мақсаты, міндептері, мәні | 05 | Тәрбие әлеуметтік құбылыс, ерекшелігі. Тәрбиенің заңдылықтары, принциптері Тәрбие үрдісінде өзін - өзі тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеу |
| 05 | Тәрбиенің әдістері мен құралдары | 06 | Тәрбие әдістері туралы ұғым, топтастыру. Адамгершілік (қоғамдық) сананы қалыптастыру әдістері. Қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру, іс-әрекетті үйімдастыру, ынталандыру әдістері. |
| 06 | Оқушыларды тәрбиелеудің мазмұны және тәрбиенің түрлері | 07 | Ақыл-оý тәрбиесі. Адамгершілік тәрбиесі Экологиялық тәрбие Еңбек тәрбиесінің маңызы мен міндептері, мазмұны Экономикалық білім және тәрбие берудің негіздері Эстетикалық тәрбиенің маңызы, міндептері, мазмұны Дене тәрбиесінің маңызы, міндептері, мазмұны Құқықтық тәрбие |

| | | | |
|-----------|---|----|---|
| 07 | Қазіргі мектептегі балалардың қоғамдық ұйымдары. Балалар ұжымын қалыптастыру | 08 | Көрнекті педагогтардың ұжым туралы зерттеулері. Ұжым белгілері, нығайту қалыптастыру жолдары. Педагогикалық басшылық. |
| 08 | Мұғалім – сынып жетекші | 09 | Мұғалім-сынып жетекшісі. Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері мен қызметінің ерекшеліктері. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы. Тәрбие жұмысын жоспарлау |
| 09 | Отбасы, мектеп, жүртшылық | 10 | Отбасы-бала тәрбиесінің алғашқы ұжымы. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәселелері Мектеп пен отбасы, қоғам ынтымақтастыры |
| 10 | Оқыту үрдісінің мәні, ерекшеліктері | 11 | Дидактика пәні, міндеттері Дидактиканың негізгі тұжырымдамалары, мәні, функциялары Оқыту үрдісінің күрылымы. Оқушылардың білімді ұғыну сатылары: мотив, қабылдау, түсіну, жинақтау, бекіту, қолдану. Блум таксономиясы. |
| 11 | Оқыту принциптері | 12 | Оқыту заңдылықтары мен принциптері Оқытудың ғылымилығы, түсініктілігі, жүйелілігі, теорияның практикамен байланысы принциптері Оқытудың саналылығы мен белсенділігі, көрнекілік принциптері, беріктігі, ынталандыру, интеграциялау проблемалық принциптер |
| 12 | Білім берудің мазмұны | 13 | Білім берудің мазмұны туралы ұғым. Білімнің мемлекеттік стандарты Білім беру мазмұны: оку жоспары, оқулықтар, оку бағдарламалары. Жаңа типті мектептердегі білім мазмұны. |
| 13 | Оқыту әдістері | 14 | Оқыту әдістері туралы ұғым, топтастыру Білімді алу көзіне қарай топтастырылған әдістер Таным белсенділігі деңгейіне қарай топтастырылған әдістер |
| 14 | Оқытуды ұйымдастыру формалары туралы ұғым. | 15 | Оқытуды ұйымдастыру формалары туралы ұғым, тарихы. Сабак – оку жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы. Сабакқа қойылатын талаптар Сабактың типтері, күрылымы. Дәстүрлі емес сабактар. Сабактағы оқушылардың оку жұмысының формалары |
| 15 | Оқушылардың білімін, дағдыларын бақылау және бағалау | 16 | Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың маңызы мен міндеттері. Білімді тексеруге қойылатын талаптар Тексеру әдістері, түрлері |
| 16 | Мектептану негіздері. | 17 | Мектептегі педагогикалық кеңес Мектептегі әдістемелік жұмыс Озат педагогикалық тәжірибе және инновация |

| | | | |
|--|---|----|--|
| 17 | Озат педагогикалық тәжірибе және инновация | 18 | Ынтымақтастық педагогикасы Қазақстандық жаңашылдардың іс-тәжірибелері |
| Жағдаяттық тапсырмалар: Әртүрлі түрдегі (тест, таблица, график, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.) ұсынылған ақпарат негізіндегі жағдаяттар (оқиға, мәселе, шынайы өмірде болған оқиға) | | | |

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

1. Педагогиканың жалпы негіздері, зерттеу әдістері. Педагогика пәні(зерттейтіні) арнағы әлеуметтік институттарда(отбасы, білім және тәрбие береттін мекемелер) мақсат көздел үйімдастыратын нақты педагогикалық процесс. Педагогикалық ұғымдар: тәрбие, білім беру, оқыту. Педагогика ғылыминың зерттейтін мәселелері, міндеті. Қазіргі педагогикалық зерттеулердің негізгі бағыттары. Педагогика ғылыминың пайда болу себептері. Ертедегі шығыс елдерінде алғашқы педагогикалық ой-пікірлер. Ежелгі дүние философиясы. Сократ, Платон, Аристотель, Демокрит саясат, тәрбие, мемлекет, жеке адам тәрбиесінің мақсаттары мен мазмұны туралы. Педагогиканың жеке ғылым ретіндегі мәртебесінің Я. Коменскийдің негізгі еңбегі “Ұлы дидактика” еңбегімен бекуі.

Джон Локк, Жан-Жак Руссоның, И. Песталоццидің педагогикалық көзқарастары. Россиядағы революциялық-демократияшыл идеялардағы педагогикалық көзқарастар. Кеңес педагогикасы. Қазақстандағы педагогикалық ой пікірлердің дамуы. Жалпы педагогиканың 4 бөлімі: оқу-тәрбие процесінің негіздері; дидактика; тәрбие теориясы; мектептану. Пәндерді оқытудың әдістемесі. Педагогика тарихы. Дефектология. Әлеуметтік педагогика. Педагогика ғылыминың басқа ғылымдармен байланысы. Педагогикалық зерттеу әдістері. Логикалық тәсілдер (индукция; дедукция; жіктеу; аналогия; салыстыру). Эмпирикалық әдістер.

2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Білім беру жүйесіне анықтама. Еліміздегі білім беру жүйесінің тарихы. Ортағасырдағы білім беру мәселелері. XVIIIғ. – XXғ. білім беру жүйесіне сипаттама. ҚР «Білім туралы» жаңа заңының міндеттері. Білім беру жүйесінің құрылу принциптері. Білім беру деңгейлері (**Білім туралы** Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы бойынша, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандығы № 487-IV Заңы): мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; бастауыш білім беру; негізгі орта білім беру; орта білім беру (жалпы орта білім беруді, техникалық және кәсіптік білім беруді); орта білімнен кейінгі білім беруді; жогары білім беру; жогары окуорнынан кейінгі білім беру.

3. Жеке тұлғаның тәрбиесі, қалыптасуы. Бала дамуына әсер ететін әлеуметтік, биологиялық, психологиялық факторлар. Тұқым қуалаушылық, орта мен тәрбиенің бала дамуында алатын орны. Белсенділіктің түрлері, оның тұлға дамуындағы рөлі.

4. Қазіргі қоғамдағы тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мәні. Тәрбие әлеуметтік құбылыс. Педагогика классиктерінің тәрбие мақсаты жөніндегі пікірлері. Тәрбиенің мақсат, міндеттері. Тәрбие процесінің мәні. Өзін - өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу. Өзін - өзі тәрбиелеу әдістері. Қайта тәрбиелеу әдістері. Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы. Жас ұрпақты іс - әрекет пен қарым - қатынас арқылы тәрбиелеу. Тәрбие барысында жаеке тұлғаға қойылатын талап пен құрметтің бірлігі. Тәрбиелік ықпалдардың тізбектестігі, жүйелілігі, үздіксіздігі. Оқушылардың жас және жеке ерекшелігін есепке алу. Баланы ұжымда, ұжым арқылы тәрбиелеу. Тәрбие процесінде мұғалім, мектеп, отбасы, қоғамдық ұйымдардың күш қуатын үйлесімді педагогикалық бірізділікке бағыттау.

5. Тәрбиенің әдістері мен құралдары. Тәрбие әдістері, анықтамасы, оның жіктелуі. Адамгершілік (қоғамдық) сананы қалыптастыру әдістері. Қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру, іс-әрекетті ұйымдастыру, ынталандыру әдістері. Тәрбиедегі ынталандыру әдістері: жарыс, мадақтау, жазалау т.б. оларға қойылатын талаптар. Өзін-өзі байқау және бақылау әдістері.

6. Оқушыларды тәрбиелеудің мазмұны және тәрбиенің түрлері. Адамгершілік тәрбиесі Саналы тәртіп пен тәртіптілікке тәрбиелеу әдістері. Экологиялық тәрбие. Еңбек тәрбиесінің маңызы мен міндеттері, мазмұны. Экономикалық білім және тәрбие берудің негіздері. Эстетикалық тәрбиенің маңызы, міндеттері, мазмұны Дене тәрбиесінің маңызы, міндеттері, мазмұны. Құқықтық тәрбие

7. Балалар ұжымын қалыптастыру. «Ұжым» ұжымының мәні. А.С.Макаренко, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинскийның ұжым теориясының дамуна қосқан үлестері. Ұжымның нығаюы, даму кезеңдері. Ұжымның белгілері. Балалар ұжымының өзін - өзі басқару мәселелері. И.П.Ивановтың коммунарлық әдістемесі.

8. Мұғалім – сынып жетекші. Мектеп мұғалімінің негізгі міндеттері мен қызметінің ерекшеліктері. Оның тәрбиелік қызметі мен тәрбие жұмысын ұйымдастыры. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының негізгі бағыттары. Сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмысы. Тәрбие жұмысын жоспарлау. Жоспар жасағанда ескерілетін жағдайлар. Тәрбие жоспарына қойылатын кейбір талаптар. Жоспардың түрлері

9. Отбасы, мектеп, жұртшылық. Отбасы типтері, отбасының әлеуметтік сипатының белгілері. Отбасы – бала тәрбиесінің алғашқы ұжымы. Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың үлгі өнегесі. Баланы дұрыс тәрбиелеу шарттары. Дәстүрлі: ата-аналар жиналышы; конференциялар; жеке ақыл – кеңестер; үйге бару

10. Оқыту үрдісінің мәні, ерекшеліктері. Дидактика пәні, негізгі ұғымдары. Дидактиканың пайда болып дамуы. Оқыту теориясының негізін қалаушылар: Я.А.Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Т.Песталоцци, К.Д.Ушинский, В.Сухомлинский, А.С.Макаренко т.б.. Қазақстандағы дидактика мен жеке пән әдістемесінің негізін салушылар. Оқыту процесінің мәні, құрылымы. Оқыту процесінің функциялары: білім беру, тәрбиелік, дамытушылық функциялары. Білім, іскерлік, дағды. Оқыту процесінің қозғауши күштері. Дәстүрлі дидактикалық жүйе. Педоцентристік дидактика. Қазіргі дидактикалық жүйе. Оқушылардың білімді ұғыну сатылары: мотив, қабылдау, түсінү, жинақтау, бекіту, қолдану. Блум таксономиясы: оку мақсатының деңгейлері; оқушының іс-әрекеті; мұғалімнің іс-әрекеті; оқушыға берілетін нұсқаулар.

11. Оқыту принциптері. Оқыту заңдылықтары туралы ұғым. Оқыту процесінің заңдылықтары: оқытудың мақсат міндеттерінің, мазмұнының, әдіс-тәсілдері, ұйымдастыру формаларының қоғам талабымен байланыстылығы; білім беру, тәрбие, дамыту қызметінің бірлігі; білім, іскерліктің қалыптасуының оқушының даму деңгейімен байланысы; индивидті үйретудің тек қана іс-әрекет арқылы мүмкін болуы. Принциптер мен ережелер туралы ұғым. Оқыту принциптері. Оқыту принциптерінің жүйесін дамытуға үлес қосқан педагогтар: Я.А.Каменский. И.Г.Песталоции К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин, Т.Сабыров т.б. Оқытудың ғылымилығы. Ғылыми таным. Ғылымилық принципінің талаптарының білім мазмұнына тікелей ықпалы. Ғылымилық принципінің шарттары. Түсініктілік принципі. Баланың білімді менгеру ерекшеліктері. Түсініктілік принципін оку материалдарын менгеруде жүзеге асыру ерекшеліктері. Теория мен практиканың байланысы. Оқытудың бірізділігі және жүйелілігі. Ғылыми білімдердің жүйелі және оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сай берілу шарты. Оқыту процесі сабактастығының оқушылардың білімді менгеруіне ықпалы. Саналылық және белсенділік принципі. Білімді саналы менгеруге ықпал жасайтын жағдайлар. Көрнекілік

принципі. Оның ғылыми негізі. Көрнекілік түрлері. Проблемалық принцип. Интеграциялау принципі. Оның жалпы білім мазмұнын анықтауда, оқу бағдарламалары мен окулықтарды жазып шығарудагы маңызы. Үнталандыру принципі. Ізгілендіру принципі. Барлық оқыту принциптерінің бір-бірімен байланысы.

12. Білім берудің мазмұны. Білімнің мазмұны туралы ұғым. Білім құрылымының бөліктері: білім; әлеуметтік тәжірибедегі іс-әрекет тәсілдерін оқушыға үйрету; шығармашылық жұмыс тәжірибесі; тәжірибе, адам, іс-әрекет, құрал, өзара қатынас. Жалпы, политехникалық еңбек және кәсіптік білім беру. Стандарт туралы ұғым. Стандарттың негізгі функциясы. Оның заңнамалық негіздері. Стандарттың құрылымы. Оқу жоспары. Мемлекеттік базистік оқу жоспары. Базалық оқу жоспарындағы білімдік салалар. Оқу жоспарының инварианттық (мемлекеттік) және вариативтік (мектептік) бөліктері. Оқу бағдарламалары. Типтік оқу бағдарламалары. Жұмыс оқу бағдарламалары. Авторлық оқу бағдарламалары. Бағдарламаның бөліктері. Мектеп оқулығының атқаратын қызметі. Оқулықтарға қойылатын талаптар.

13. Оқыту әдістері. Оқыту әдістері, тәсілдері және құралдары туралы ұғым. Оқыту әдістерінің басты қызметі. Оқыту әдістері және оларды жіктеу мәселесі. Білім алу көзіне қарай топтастырылған әдістер, дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістер; оқушылардың таным белсенелігін көтеру деңгейіне қарай топтастырылған әдістер; оқутанымдық іс-әрекетті ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау әдістері оқыту әдісіне сәйкес келетін оқу әдістері. Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс. Репродуктивтік әдіс. Алгоритм ұғымының мәні. Репродуктивтік әдістің бағдарламалық оқытумен тығыз байланысы. Мәселелік әдіс. Ішінара ізденіс немесе эвристикалық әдіс. Зерттеу әдісі.

14. Оқытуды ұйымдастыру формалары туралы ұғым. Оқытуды ұйымдастыру формалары туралы ұғымның мәні.

Жекелеп оқыту. Жекелеп-топтап оқыту. Сынып-сабак жүйесі. Я.А.Коменский сынып-сабак жүйесінің тәжірибесін зерттеп, оны дүниежүзінің мектептеріне таратушы. Өзара оқыту жүйесі (А.Белл, Джон Ланкастер). Дальтон жоспары, Виннетка жоспары – жеке жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқыту түрі. Мангейм жүйесі (И.Зиккенер) –оқушыларды қабілетіне қарай бөліп оқыту жобасы. Бригадаларға біріктіріп оқыту. Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – сабак. Сабак - оқытуды ұйымдастырудың негізгі, ұжымдық формасы. Сынып- сабак жүйесінің мәні мен ерекшеліктері. Сынып- сабак жүйесінің ұтымды жақтары, кемшиліктері. Қазіргі сабакқа қойылатын талаптар: дидактикалық; тәрбиелік, психологиялық; гигиеналық; оқушыларды ұйымдастыру; сабакты өткізу техникасына қойылатын талаптар; оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру. Сабак класификациясы туралы ұғым. Дидактикалық мақсаты, әдістері мен құралдары, сабактар жүйесіндегі орны бойынша топтастырылған сабактар. (Б.П.Есипов, М.А. Данилов, Г.Н. Щукина, В.А. Онищук). Дәстүрлі емес сабактар: когнитивтік; ынтымақтастық; бақылаушы; мультимедиялық; денсаулық сақтау.

15. Оқушылардың білімін, дағдыларын бақылау және бағалау. Педагогикалық бақылау ұғымының мәні. Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың мақсаты, маңызы мен міндеттері. Бақылаудың функциялары. Білімді тексеру және бағалаудың мемлекеттік маңызы. Тексерудің негізгі дидактикалық қызметі. Тексерудің ұстанымдары. Білімді тексеруге қойылатын талаптар. Тексеру әдістері: оқушылардың оқу жұмысын күнделікті бақылап отыру; ауызша сұрау; фронтальдық тексеру; жазбаша сұрау; бақылау жұмысы; оқушылардың дайындығын лабораториялық-практикалық жұмыстар арқылы тексеру; машинамен тексеру әдістері; өзін-өзі бақылау әдістері; оқушылардың үй жұмысын тексеру; оқушылардың оқу жетістіктерін тест әдісі арқылы анықтау; сынап-емтихан. Тексеру түрлері: алдын ала тексеру; ағымдық бақылау; тақырыптық бақылау; корытынды тексеру.

Оқыту нәтижелерін бағалау. Тексеруді ізгілендіру. Үлгерімді диагностикалау мен бақылаудың маңызды принциптері. Тексеру жүйесінің звенолары. Диагностика: Мектептегі диагностиканың міндеттері. Баға кою. Оқушылардың үлгермеушілігін boldырмау шаралары. Критериалды бағалау. Бағалау түрлері. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау.

16. Мектептанды негіздері. Мектеп басшыларының қызметі, Қазіргі кезеңдегі мектеп басшысына қойылатын талаптар. Мектептегі педагогикалық кеңес. Оның құрамы. Өткізу формалары. Педагогикалық кеңеске әзірліктің кезеңдері. Педагогикалық кеңесті жоспарлау. Педагогикалық кеңесті өткізуге алдын-ала дайындалу. Педагогикалық кеңесті өткізу.

Әдістемелік жұмыстың басты мақсаты. Әдістемелік жұмыстың әдіснамалық негіздері. Әдістемелік жұмыстың негізгі мазмұны. Әдістемелік жұмыстың формалары. Әдістемелік жұмыстың құрылымы. Әдістемелік жұмысқа басшылық. Фылыми - әдістемелік жұмысты басқару. Әдістемелік кеңес. Әдістемелік бірлестік. Оқытушының әдістемелік жұмысының жеке жоспары.

17. Озат педагогикалық тәжірибе және инновация. Педагогикалық тәжірибе және озат педагогикалық тәжірибе туралы ұғым, маңызды белгілері. Педагогикалық озат тәжірибелі зерттеу, жинақтау және тарату. Инновация туралы ұғым, маңызы, топтастырылуы, шығармашылық іс-әрекет. Ынтымақтастық педагогикасы, оның негізгі идеялары. Ш.А. Амонашвили – ынтымақтастық педагогикасы. В.Ф. Шаталов – қыын мақсат, тірек идеясы. Тірек сигналдар, тірек конспектілер – оқыту үрдісін женілдету. С.Н. Лысенкова – оза оқыту идеясы. Қ.Н. Нұргалиев (1925-1988) – Боран мектебін білімдар, әр баланы жүргімен сезетін ұстаздар ордасына айналдыру идеясы. Р.Б. Нұртазина - әр балаға бақыт сыйлау идеясы. Тіл – барлық бала үшін ұлттық мәдениетінің ошағы болу идеясы. А.М. Ысқақов – оқу-тәрбие жұмысында түбекейлі бетбұрыс жасау идеясы. Г.М. Кубраков – А.С. Макаренконың идеясын бүгінгі мектеп жағдайында жүзеге асыру. Қ. Бітібаева - әдебиетті өмір сабағы, ойлану сабағы деп түсіну идеясы.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы: Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 25 %; орташа деңгейде (B) – 50 %; жоғары деңгейде (C) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұскаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым құрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың құрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, құрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзактығы орташа -1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап тандалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Фалымова Ә.У., Ильясова Р.Қ. Педагогика; Оқулық. - Астана: Фолиант, 2014 ж.
2. Әбенбаев С.Ш. Әбиеев Ж. Педагогика. Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2009.

3. Әбенбаев С.Ш. Педагогика. Оқулық. - Астана: Фолиант, 2015.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті

Ахметов
(қолы) (Т.А.Ә)
«___» 2023ж.

РДР — ✓ ⚡ А.Н.Н. Джемалев №02